ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГОГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВАФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050000, Алматы қ., Желтоқсан к., 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

050000, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

№ 05-06/4752
от 27.07.2021 г.

"Строительная Компания
"ЖАРКЕНТ АЛҒЫР" ЖШС
Алматы қ, Маркова көш. 61/1 үй.

Қазақстан Республикасы Қаржы министірлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті, Сіздің 2021 жылдағы 12 шілдедегі № 113749 «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Республикалық спорт колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны» мен өткізілген № 5936627-1 *"Спорттық аландарын жөндеу жумыстары»* туралы ашық конкурсы бойынша арызыңызды қарап шығып, келесіні хабарлайды.

Сіздің арызыңызда көрсетілген әлеуетті жеткізушілер конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптарына сәйкессіздігі туралы келесіні хабарлаймыз.

Конкурстық құжаттамадағы ескертпенің 1-тармағы 5-1 қосымшасына сәйкес, құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және қолданыстағы объектілерді ағымдағы және орташа жөндеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады.

Бұл ретте осы қосымшаның 4 және 5-тармақтарының талаптары мұндай әлеуетті өнім берушілергеқолданылмайды.

Әлеуетті жеткізішілер тендерге қатысқан кезде материалдық және еңбек ресурстарының болуын растау үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсат (лицензия) ұсынылған кезде, әлеуетті жеткізуші біліктілік талаптарына сәйкес болып есептелетінін хабарлаймыз.

Камералдық бақылаудың нәтижесінде әлеуетті жеткізушілердің конкурстық құжаттаманың 5-1 қосымшасында (Біліктілігі туралы мәліметтер) көрсетілген құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар екендігі анықталды. Сол себептен әлеуетті жеткізушілер материалдық және еңбек ресурстары бойынша біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады.

Бұл ретте осы қосымшаның 4 және 5-тармақтарының талаптары мұндай әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.

Әлеуетті жеткізішілер тендерге қатысқан кезде материалдық және еңбек ресурстарының болуын растау үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсат (лицензия) ұсынылған кезде, әлеуетті жеткізуші біліктілік талаптарына сәйкес болып есептеледі.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесінің 13-параграфына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі.

Осы ереженің 174 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің жұмыстарға арналған қатысуға өтінімнің бағасы техникалық-экономикалық негіздемеде (жобалау-сметалық құжаттаманы даярлау үшін) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамада (жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжат) көрсетілген бағадан он пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

Сондай-ақ ереженің 175 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) және қала құрылысы жобалары құжаттаманы әзірлеу бойынша қатысуға өтінімнің бағасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14642 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 232-НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында құрылысқа арналған жобалау жұмыстарының құнын айқындау жөніндегі Мемлекеттік нормативке сәйкес тапсырыс беруші есептеген бағадан он бес пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

Және-де ереженің 175-1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің (аккредиттелген сараптамалық ұйымның) "Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12681 болып тіркелген) сәйкес белгіленген бағадан ол төмен болса, демпингтік деп танылады.

Ереженің 176 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер (техникалық және авторлық қадағалау, жобаны басқару) көрсетуге арналған конкурстық өтінімінің бағасы бекітілген мемлекеттік нормативтерге сәйкес есептелген бағадан он бес пайыздан астамға төмен болған жағдайда, ол демпингтік деп танылады.

Ереженің 177 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің бағасы тауарларға, жұмыстарға (осы Қағидалардың 174, 175, 175-1-тармақтарында көзделген жұмыстарды қоспағанда), қызметтерге

(осы Қағидалардың 176-тармағында көзделген қызметтерді қоспағанда) егер конкурсқа бөлінген бағасынан жиырма пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік деп танылады.

Ереженің 178 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша, демпингтік деп танылмайтын, рұқсат етілетін ең төмен бағадан төмендетілген сомаға тең мөлшердегі соманы енгізу шартымен осы Қағидалардың 177-тармағында көзделген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша демпингтік баға ұсынуға рұқсат етіледі.

Ереженің 178-1 тармағына сәйкес, осы Қағидалардың 174-176-тармақтарымен көзделген жағдайларда демпингтік баға ұсынуға рұқсат етілмейді.

Сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңының 26-бабының тармақтарына сәйкес, **конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі демпингке қарсы шаралар.**

Осы заңның 1 тармағына сәйкес, конкурсқа қатысушы ұсынған, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын шекті мәннен төмен болып табылатын баға демпингтік баға деп танылады.

Заңның 2 тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген, әлеуетті өнім берушінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша, демпингттік деп танылмайтын, жол берілетін ең төмен бағадан төмендетілген сомаға тең мөлшерде сома енгізу шарты бар жағдайларды қоспағанда, демпингтік бағалар ұсынуға жол берілмейді.

Осылайша, тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде әлеуетті жеткізушілерді "Капитал Строй Проект групп" ЖШС, "ВЕК - 909" ЖШС, "КазСтрой Group LTD" ЖШС, "Көлсай Строй" ЖШС, «NEW roads BMG» ЖШС, "Сервис Строй Group" ЖШС конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін тендерге қатысуға негізді түрде рұқсат берді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, бақылау қорытындысы бойынша, Сіздің арызда көрсетілген дәлелдемелеріңіз расталған жоқ.

Камералдық бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылауды жүргізу ережесінің 19-тармағының екінші азат жолына сәйкес жүргізілгенін атап өтеміз.

Арызыңызды қарастыру нәтижесі бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым түсіруге құқылы екеніңізді қаперіңізге береміз.

Департамент басшысының
орынбасары **Б.Бөгембаев**

орн: Әбіл А
тел: 279-40-89